

**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
№1 Хаттамасы**

Астана қаласы

2023 жылғы «8» ақпан

Төрағалық етті: Р.С. Ошақбаев

Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері: М.А. Әбенов, Ә.Қ. Болсамбеков, М.О. Вранчев, Б.С. Дүйсембинов, Л.К. Жақыпова, А.Б. Ерғалиев, Д. Рахметуллин, Б.Ж. Тойкебаева, М.М. Ахметжанов, Т.Б. Әбілмәжінов, А.А. Саданов, О.Ж. Жолдасов, Қ.С. Дүйсембеков «ZOOM» арқылы онлайн режимде: Д.О. Әбибуллаев, Ж.К. Ахметова, Н.Н. Балабаева, Н.О. Дәулетбеков, Ж.З. Қосыбаев, А.Г. Орлова, К.Х. Рахымбердин, О.Ю. Тарабукина, Ә.Қ. Түгел, Д.Н. Тұрғанов, Ш.К. Хасанова.

Шақыртылғандар: ІІМ-нің Аппарат басшысы Ә.Б. Бекеев, ӘПК төрағасының м.а. Қ.А. Сұлтанбаев, ИИЖД бастығы А.С. Махамбетова, ӘПК төрағасының орынбасары Р.В. Зулхаиров, Штаб бастығының орынбасарлары Ә.А. Дүйсекова және Ж.Қ. Ерғалиев.

1. Ішкі істер органдары қызметінің нәтижелері туралы

(М.М. Ахметжанов, Р.С. Ошақбаев, М.А. Әбенов, Ж.К. Ахметова, Б.Ж. Тойкебаева, Н.О. Дәулетбеков, И.О. Вранчев, Ә.Қ. Түгел, Д. Рахметуллин, О.Ю. Тарабукина, А.Б. Ерғалиев, Л.К. Жақыпова)

1. Ішкі істер министрі М.М. Ахметжановтың ішкі істер органдары қызметінің нәтижелері туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Ақпаратты талқылау қорытындысы бойынша:

- ІІО көрсететін қызметтердің стандарттарын әзірлеу (М.А. Әбенов, жауапты қызмет – КҚҚК, ӘПК, ЕҚІҚД);

- «қаңтар» оқиғалары барысында зардап шеккен тұлғалардың өтемақы алуына құқықтық көмек көрсету (Ә.Қ. Түгел, ТД, ЗД);

- ІІО қызметкерлерінің имиджін арттыру (М.А. Әбенов, Д. Рахметуллин, ИИЖД, КСД) Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қабылдау.

3. **Көші-қон қызметі комитеті** көшіп келушілердің Қазақстанда болуы, сондай-ақ олардың елге келуі мен кетуі бөлігінде ұлттық заңнаманың ерекшеліктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастырсын (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы №148 қаулысы).

4. **Тергеу департаменті** ағымдағы жылғы 1-тоқсанында Республикалық адвокаттар алқасының алаңында ведомствоаралық өзара іс-қимыл мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер өткізуді ұйымдастыру мәселесін пысықтасын (ІІМ мүдделі қызметтері мен аумақтық полиция бөлініс басшыларының қатысуымен) (Кеңес мүшесінің М.А. Вранчевтың ұсынымы).

5. Ақпаратты қарап және ағымдағы жылғы 24 ақпанға дейінгі мерзімге Қоғамдық кеңеске ұсынылсын:

- М.А. Кунцевичтің өтініші бойынша **Тергеу департаментіне** (ҚК-нің А.И. Тоқтаровқа қатысты 2022 жылғы 6 наурыздағы №221952031001518 тоқтатылған қылмыстық іс бойынша) (Кеңес мүшесі Ж.К. Ахметованың ұсынысы);

- Н. Б. Ханетованың өтініші бойынша **Әкімшілік полиция және көші-қон қызметі комитеттеріне** (ӘҚБтК-нің 492-бабының 1-бөлігі бойынша оны әкімшілік жауапкершілікке негізсіз тарту фактісі бойынша) (Кеңес мүшесі Б.Ж. Тойкебаеваның ұсынысы);

- **Тыл департаментіне** С. Аршабековтың өтініші бойынша (Алматы қаласында орналасқан ІІМ-нің госпиталі мен «Қазақстан» санаторийінің жұмыс істеуі туралы (Кеңес төрағасы Р.С. Ошақбаевтың ұсынысы).

6. **Идеологиялық және имидждік жұмыс департаментіне** өзара іс-қимыл деңгейін арттыру мақсатында Қоғамдық кеңес мүшелерін қоса отырып әлеуметтік желілерде чат құру (Кеңес мүшелерінің ұсынысы).

2. Қоғамдық кеңестің 2022 жылғы жұмысының қорытындылары туралы

(Р.С. Ошақбаев, М.М. Ахметжанов, Д. Рахматуллин, М.А. Әбенев, А.Б. Ерғалиев)

1. Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы Р.С. Ошақбаевтың ақпараты (есебі) назарға алынсын және жұмыста пайдаланылсын.

2. Есептің қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарында:

- аумақтық полиция департаменттерінде синтетикалық есірткілердің таралуына және «Саналы қоғам» өңірлік штабтардың құрылуына қарсы іс-қимыл (жауапты қызмет – ЕҚІҚД);

- қылмыстық-атқару жүйесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейін арттыру, оның ішінде кәмелетке толмағандарға арналған қазіргі заманғы түзеу мекемелерін (ҚАЖК) салу;

- киберқылмысқа қарсы іс-қимыл бойынша семинарлар өткізуді ұйымдастыру (КПД);

- ЦДИАӨМ жанындағы Қоғамдық кеңеспен бірлескен іс-шаралар (Хакатон) форматында, оның ішінде «Қазақстан жолдарындағы ЖКО мен елім-жітімді азайту» тақырыбында, әртүрлі салалардан ІТ-мамандарды, оның ішінде қазақстандық жоғары оқу орындарының ІТ-мамандықтарының студенттерін тарта отырып өзара іс-қимыл жасау;

- адам құқықтары жөніндегі уәкілмен (ӘПК, ӘҚД) ынтымақтастық;

- ІІМ қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру (КСД, ҚҚЕД, ИИЖД);

- полиция департаменттері жанындағы консультативтік кеңесші органдардың жұмысын жүйелеу (КСД, ИИЖД) мәселелер бойынша ұсыныстар көзделсін.

3. Қоғаммен ынтымақтастықтағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы жобасының тұсаукесері

(Р.С. Ошақбаев, М.М. Ахметжанов, Ә.А. Дүйсекова, Д. Рахметуллин)

1. Қоғаммен ынтымақтастықтағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдама жобасы (бұдан әрі – *тұжырымдама жобасы*) туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Қоғамдық кеңес мүшелері әртүрлі алаңдарда азаматтық қоғамдастықпен бірлесіп сындарлы ұсыныстар әзірлей отырып, Тұжырымдама жобасын талқылауды ұйымдастырсын.

3. ІІМ-нің Штабы Кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес Тұжырымдама жобасын талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуді ұйымдастырсын.

Идеологиялық және имидждік жұмыс департаменті Кеңестің отырысы және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты БАҚ-та және ведомстволық интернет-ресурста орналастырсын.

Қабылданған шаралар мен жұмыс нәтижелері туралы Қоғамдық кеңестің хатшылығын **2023 жылғы 1 наурызға дейін** хабардар етсін.

**Ішкі істер органдары
қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес төрағасы**

Р. Ошақбаев

**Ішкі істер органдары
қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес хатшысы**

Қ. Елубаев